«Қазақ оюларын құрастыру»

Пәні: Еңбекке баулу

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын және қол еңбегі дағдыларын дамыту, қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің құрылымын зерттеу арқылы кеңістіктік ойлау, құрастыру және модельдеу қабілеттерін қалыптастыру. Ұлттық ою-өрнектерді құрастыру арқылы мәдени құндылықтарды дәріптеп, ұлттық мұраға құрмет сезімін тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлері, шығу тарихы және мағыналық ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
- Қағаз, картон және басқа да материалдармен жұмыс жасау арқылы құрастыру, модельдеу және қол еңбегі дағдыларын дамыту;
- Қиып-жапсыру, үйлестіру және құрастыру әрекеттері арқылы ұсақ мотериканы, дәлдік пен шығармашылық қабілеттерді жетілдіру;
- Топтық жұмыс барысында өзара ынтымақтастыққа, бірлесіп жұмыс жасауға және өз ойын еркін жеткізуге тәрбиелеу;
- Ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру, мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: қатты картон, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, маркерлер, дайын ою-өрнек үлгілері, фетр қағаз, тапсырма парағы.

Тапсырма барысы

Мұғалім оқушыларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түрлері мен олардың мағыналары туралы түсінік береді. Оқушыларға оюлардың дайын үлгілері ұсынылады. Әр оқушы өзіне ұнаған оюды қағазға салып, оны ұқыпты түрде қиып алады. Кейін қиылған оюларды қатты картонға жапсырып, фетр қағаздарымен безендіреді. Соңында оюдың атауын жазып, дайын жұмыстарын сынып алдында таныстырады.

Мұғалімнің іс-әрекеті

Мұғалім тапсырманың мақсаты мен орындалу ретін түсіндіреді, қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалайды және оқушыларға бағыт-бағдар береді. Ою-өрнектердің ерекшеліктері туралы мәлімет беріп, шығармашылық жұмыстар барысында кеңес береді. Топтық жұмысты ұйымдастырып, тапсырма соңында кері байланыс пен бағалау жұмыстарын жүргізеді.

Оқушының іс-әрекеті

Оқушылар қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің үлгілерімен танысып, таңдаған ою түрінің ерекшеліктерін зерттейді. Таңдалған оюды қағазға түсіріп, ұқыпты түрде қиып алады. Қиылған бөліктерді картон негізіне орналастырып, фетр қағазы және басқа да материалдар арқылы безендіреді. Дайын жұмысына оюдың атауын жазып, оның мағынасы мен құрастыру тәсілін сынып алдында таныстырады. Тапсырманы орындау барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері, қол еңбегі, құрастыру және эстетикалық талғам дағдылары дамиды.

Қорытынды

«Қазақ оюларын құрастыру» ұлттық STEM тапсырмасы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын және қол еңбегі дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ою-өрнектерді құрастыру арқылы ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылықтары артып, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне құрмет сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылардың ұқыптылық, бірлесіп жұмыс жасау және өз ойын жеткізу дағдылары жетілдіріледі.



